

«8D05108 - Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дережесін алу үшін дайындалған Иманалиева Мөлдір Тамдыбекқызының «Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында дәрілік *Gentiana tianshanica* Rupr. және *Gentiana olivieri* Griseb. өсімдіктерінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

П І К І Р

«8D05108 - Геоботаника» білім беру бағдарламасының PhD докторанты Иманалиева Мөлдір Тамдыбекқызының «Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында дәрілік *Gentiana tianshanica* Rupr. және *Gentiana olivieri* Griseb. өсімдіктерінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы маңызды ғылыми-зерттеу ретінде жоғары бағаланады. Себебі *Gentiana tianshanica* және *Gentiana olivieri* дәрілік өсімдіктері Қазақстанда сирек кездесетін және экологиялық маңызы бар түрлердің қатарына жатады. Бұл өсімдіктердің табиғи популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеу еліміздің биологиялық әртүрлілігін сақтау, дәрілік өсімдіктердің ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану, сонымен қатар олардың экологиялық жүйедегі рөлін анықтау үшін өзекті және маңызды болып табылады.

Мөлдірдің диссертациялық жұмысының мақсаты – Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында таралған *G. tianshanica* және *G. olivieri* өсімдіктерінің ценопопуляцияларының қазіргі жағдайын ботаникалық және фитохимиялық әдістер негізінде кешенді түрде зерттеу. Жұмыста ізденуші заманауи және дәстүрлі ғылыми-зерттеу әдістерінің кең спектрі қолданылған. Диссертациялық зерттеуде геоботаникалық зерттеу әдістері арқылы өсімдіктердің таралу ареалдары, популяциялық тығыздық деңгейлері, экологиялық бейімделу ерекшеліктері және топырақ құрамы анықталған. Өсімдіктердің фармакологиялық тұрғыдан маңызды биологиялық белсенді қосылыстарын (алкалоидтар, флавоноидтар және басқа метаболиттер) анықтауда жалпыға бірдей белгілі фитохимиялық әдістер пайдаланылған. Сонымен қатар, статистикалық талдау әдістері арқылы биометриялық көрсеткіштер талданған.

Бұл ғылыми жұмыста ізденуші алғаш рет геоботаникалық зерттеулер арқылы *G. tianshanica* және *G. olivieri* өсімдіктерінің әр қайсысынан 3 табиғи популяциясының (9 ценопопуляция) қазіргі жағдайын, жастық құрамын, дарақтардың морфологиялық ерекшеліктерін, олардың жапырақ, сабақ және тамырларының анатомиялық құрлымы және популяциялардың таралу аймағының топырағының қасиеттерімен байланыстырған, сол арқылы флоралық құрамға, популяцияның табиғи жағдайына және шикізат қорына баға берген. Сонымен бірге, жоғардағы 2 түрдің биологиялық белсенді заттарын салыстыра отырып зерттеген. Иманалиева Мөлдірдің зерттеу нәтижелері жоғардағы дәрілік өсімдіктердің фармацевтикалық қолдану мүмкіндіктерін көрсетіп, өсімдіктер популяциясының экологиялық тұрақтылығы мен сақталу стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ізденушінің диссертациялық жұмыс нәтижелерінің жоғары деңгейін екенін оның ғылыми мақалаларының халықаралық және отандық басылымдарда жариялануы дәлелдейді. Олардың қатарында 2 мақала – *Scopus* базасына кіретін рецензияланатын журналдарда (процентильдері 97%-89%), 1 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 3 баяндама – халықаралық ғылыми конференцияларда (Proceedings of the 6th International Scientific Conference «Modern Scientific Technology». (Stockholm, Sweden, 2024);

Proceedings of the 6th International Scientific Conference «World Scientific Reports» (May 9-10, 2024). Paris, France, 2024) жарияланған.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен өзектілігі жоғары. Зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстанның дәрілік өсімдіктерінің биологиялық әртүрлілігін сақтау, олардың ресурстық әлеуетін ғылыми тұрғыдан негіздеу және өсімдіктерді қорғау мен тиімді пайдалану стратегияларын әзірлеу үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

PhD докторантура кезінде Иманалиева Мөлдір Тамдыбекқызы өзін тек жоғары кәсіби деңгейде ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулерге шығармашылық тұрғыдан қарауға қабілетті еңбекқор және белсенді зерттеуші ретінде көрсетті. Ол зерттеудің барлық кезеңдерінде өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындап, экспедициялық зерттеулерден бастап, зертханалық талдауларға дейінгі барлық жұмыстарға белсенді түрде қатысты.

Иманалиева М.Т. «Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында дәрілік *G. tianshanica* және *G. olivieri* өсімдіктерінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациясы еліміздің биологиялық әртүрлілігін сақтау мен дәрілік өсімдіктерді кешенді зерттеу мәселелерін шешуге қосқан елеулі үлес болып табылады. Бұл зерттеу «8D05108 – Геоботаника» б3л3м беру ба5дарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті биология және
биотехнология факультеті
биоалуантүрлілік және биоресурстар
кафедрасының профессоры, б.ғ.к.

Тыныбеков Б.М.

РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

« 03 » 04 2024 ж.г.

